

**ШЖҚ «Облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем көрсету станциясы» МКК «Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ**

**Ұжым жиналысының хаттамасы № 1**

Талдықорған қ.

«24» қаңтар 2025 жыл

Талдықорған қаласы, Н. Назарбаев даңғылы, 57 (3 қабат)

**ТАҚЫРЫБЫ:**

«Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының қағидаларымен талаптары және жалпы денсаулық сақтау саласындағы сыбайлас жемқорлық мәселесі жөнінде».

**ҚАТЫСҚАНДАР:**

«Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» ММ-нің ШЖҚ «Облыстық жедел және шұғыл медициналық жәрдем көрсету станциясы» МКК-ның (бұдан әрі – Кәсіпорын) Талдықорған қаласы бойынша қосалқы станциясының қызметкерлері. Жиналысқа қатысқан қызметкерлер саны, осы хаттамаға қосымша бойынша.

**ТЫНДАЛДЫ:**

**Комплаенс офицері М.Жасузаков:**

«Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және «Қазақстан Республикасы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңымен (бұдан әрі – Заң) Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады. Атап өткен Заңның 4 бабында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың негізгі қағидаттары көрсетілген, олар: заңдылық, адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау басымдығы, жариялылық пен ашықтық, мемлекет пен азаматтық қоғамның өзара іс-қимыл жасауы, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл шараларын жүйелі және кешенді пайдалану, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шараларын басым қолдану, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдем көрсететін адамдарды қорғау және көтермелеу, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін жазаның бұлтартпастығы. Кәсіпорын өзінің негізгі жарғылық мақсатын орындауда осы аталып өткен қағидаттарды мүлтіксіз қолданады. Сонын негізінде Кәсіпорын қызметкерлеріне бұл қағидаттарды ұстану ол пары болып табылады. Кәсіпорын өз жұмыс барысында, квазимемлекеттік секторының субъектісі ретінде Заңның 16-бабының 3-тармағына сәйкес әзірленген «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс –қызмет туралы ереже» (бұдан әрі - Ереже) ішкі құқықтық актісін бекіткен. Осы Ереженің талаптарымен қағидалары әр қызметкерге тиісті, және оны қызмет атқару барысында ұстану және тиянақты орындау негізгі міндеттемелердің бірі болып табылады. Сыбайлас






жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызмет қызметінің негізгі мақсаты квазимемлекеттік сектордың тиісті субъектілері мен оның қызметкерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

Жоғарыда аталмыш Заңның және оның негізінде қабылданған Ереженің негізгі мақсаттарының бірі, ол Кәсіпорынның қызметкерлері арасында, яғни медицина саласындағы кәсіпорын ретінде жұмыс атқаратын ұйым бола тура қоғамда қалыптасқан «тұрмыстық» сыбайлас жемқорлық негізгі түсінігін жою болып табылады».

Жиналысқа қатысқан жаңа жұмысқа қабылданған қызметкерлерге Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының негізгі қағидаларын қатаң сақтау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті арттыру және сыбайлас жемқорлықтың кез келген түріне төзбеушілік таныту туралы нұсқаулар берілді.

Жұмыстың оң нәтижелерін қамтамасыз ету әр қызметкердің жоғары стандарттар мен жалпыадамзаттық құндылықтарға сәйкес келетін мінез-құлқын сақтау арқылы мүмкін болады.

Комплаенс офицер  М.Жасузаков

Танысты:

Директордың м.а.:



Эккель Ю.В.